

## Шал ақын ауданы Новопокров селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Новопокров селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазандағы N 11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қазанда N 13-14-116 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "ауылдық", "ауылы" сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Новопокров ауылдық округі әкімінің м.а. 25.12.2020 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35-бабы 2-тармағына, 37-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Новопокров ауылдық округі азаматтарының қоғамдық кеңесінің шешімін есепке ала отырып, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шал ақын ауданы Новопокров ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін:

1) Новопокровка ауылы бойынша:

бірінші көшеге – Абылайхан;

екінші көшеге – Ысқақ Ыбыраев атындағы;

үшінші көшеге – Пролетарская;

төртінші көшеге – Целинная;

бірінші тұйық көшеге – Солнечный;

екінші тұйық көшеге – Аққайың;

үшінші тұйық көшеге – Бейбітшілік;

төртінші тұйық көшеге – Терең көл;

бесінші тұйық көшеге – Жастар;

алтыншы тұйық көшеге – Достық;

жетінші тұйық көшеге – Школьный;

сегізінші тұйық көшеге – Алексей Колязов атындағы;

тоғызыншы тұйық көшеге – Николай Петров атындағы;

оныншы тұйық көшеге – Еңбекші;

он бірінші тұйық көшеге – Конституция;

он екінші тұйық көшеге – Береговой;

он үшінші тұйық көшеге – Ақ бидай;

он төртінші тұйық көшеге – 8-март.

2) Жаңасу ауылы бойынша:

бірінші көшеге – Каттай Кеншінбаев атындағы;

екінші көшеге – Отан;

үшінші көшеге – Шоқан Уәлиханов атындағы;

Мектеп тұйық көшесі.

3) Ақсу ауылы бойынша:

бірінші көшеге – Абай Құнанбаев атындағы;

екінші көшеге – Мағжан Жұмабаев атындағы;

үшінші көшеге – Жеңіс;

төртінші көшеге – Еңбекші;

бесінші көшеге - Аққайың.

4) Еңбек ауылы бойынша:

бірінші көшеге – Болашақ;

екінші көшеге – Ыбырай Алтынсарин атындағы;

үшінші көшеге – Бейбітшілік.

5) Белоглинка ауылы бойынша:

бірінші көшеге – Степная;

екінші көшеге – Новая;

үшінші көшеге – Береговая.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*В. Шпет*